

АСТАНА ҚАЛАСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ  
«ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ  
ЖӘНЕ СЕРВИС КОЛЛЕДЖІ»  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ  
КОММУНАЛДЫҚ  
КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ  
ПРЕДПРИЯТИЕ  
«КОЛЛЕДЖ ОБЩЕСТВЕННОГО  
ПИТАНИЯ И СЕРВИСА»  
АКИМАТА ГОРОДА  
АСТАНЫ

2023 жылғы 03 мамыр

БҰЙРЫҚ № 35 к.

### Кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары туралы

2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабын басшылыққа алып  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функцияны жүзеге асыру бағытында Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК (бұдан әрі-кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтері ұйымдастыру бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне жауаптылық директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары м.а А.С.Сейітке жүктелсін.

2. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 31 наурызда № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесі» (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесі) назарға алынсын.

3. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерін ұйымдастыру барысында А.Сейіт өзіне бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі бойынша жұмыстарды атқаруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесінің 2-тарауымен қарастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктерін негізге алсын.

4. А.Сейіт сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті ұйымдастыруда квазимемлекеттік сектор субъектінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептілік жүргізуде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесінің 3-тарауымен қарастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің талаптарын назарға алсын.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі бойынша Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға кәсіпорын тарапынан жауапты тұлға әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі А.В.Корольге Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, оларды жою бойынша

заңнамалық тәртіппен белгіленген шараларды қабылдау үшін ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың колледждің ресми интернет-ресурсында орналастырылуы тәртібімен барлық қызметкерлері мен жұмыскерлерінің назарына жеткізілуі қамтамасыз етілсін.

7. Бұйрықтың орындалуын бақылау жауапты тұлға әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі А.В.Корольге жүктелсін.

**Директор**

Келісілді

Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі, директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары

Директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары м.а  
03.05.2023 ж.



**З.Клышбаева**

**А.В.Король**

**А.Сейіт**